

## **Теннисті, стол теннисін және бадминтонды дамыту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1994 жылғы 15 август N 323

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің Қазақстан Республикасында теннисті, стол теннисін және бадминтонды жаппай дамыту туралы ұсынысы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Жастар ісі, туризм, және спорт министрлігімен бірлесе отырып, жалпы білім беретін мектептердің оқу бағдарламаларына теннистен, стол теннисінен және бадминтоннан сабақ енгізуді ойластырсын, 1994-1995 оқу жылында Қазақтың дене шынықтыру институтында теннис, стол теннисі бөлімдерін және Қостанай мемлекеттік педагогика институтында бадминтон бөлімін ашсын.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Теннис федерациясымен, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірге;

жастар ісі, туризм және спорт басқармаларына материалдық-спорт базаларын дамытуға, қайта жаңғырту мен салуға, жыл сайын теннистен, стол теннисінен және бадминтоннан жарыстар мен турнирлер өткізуге жергілікті бюджеттен материалдық, қаржы қаражаттарын бөлуде іс жүзінде көмек көрсетсін;

Халықаралық теннис федерациясына /ITF/ теннистен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы жолындағы халықаралық турнирді тіркеу жөнінде ұсыныспен кірсін, турнирді өткізу туралы ережеге қажетті толықтырулар енгізісін, оған жыл сайын облыстық, қалалық финал жеңімпаздарының және шет елдерден белді спортшылардың қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Жастар ісі, туризм және спорт министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қарауына спорт өндірісін жасау, спорттық киім, жабдық пен мұқаммал шығару жөнінде ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі Алматы қаласында теннисті, стол теннисін және бадминтонды дамыту жөніндегі республикалық орталық құрсын.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі 1995-1996 жылдары Алматы қаласында теннис, стол теннисі және бадминтон жөніндегі республикалық орталық салуды көздеп, осы мақсатқа 3,5 млн. теңге бөлсін.

7. Алматы қаласының әкімі теннис, стол теннисі және бадминтон жөніндегі

республикалық орталық салу үшін қаланың орталық бөлігінен жер бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, республикалық радио, теледидар, газеттер мен журналдар редакциялары халықты тенниспен, стол теннісімен және бадминтонмен айналысуға тарту, қажетті материалдық-техникалық база жасау, теннис корттарын, ойын залдары мен алаңдарын салу жөнінде кеңінен насихат жүргізісін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК